

6M11201 - «Өмір тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау» БББ түлектерінің моделі

Оқу нәтижесінде түлек:

Қабілетті болуы тиіс:

- өндірістік жағдайда техника мен жабдықты пайдаланудың тиімділік көрсеткіштерін анықтау;
- өндірісте энергия және ресурс үнемдейтін технологиялар мен жабдықтарды қолдану;
- ауыл шаруашылығындағы машиналар мен жабдықтарды техникалық пайдалану жұмыстарын жоспарлау және ұйымдастыру;
- өсімдік шаруашылығында инженерлік-техникалық қызметтің жағдайы мен дамуын талдау;
- қауіпті өндірістік объектілерді сараптау және олардың қауіпсіздігін декларациялау бойынша эксперимент жүргізу;
- әлеуметтік сипаттағы қауіпті және төтенше жағдайларды жіктеу;
- әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлардың көріну заңдылықтарын анықтау;
- әлеуметтік сипаттағы қауіпті жағдайда әрекет ету;
- апаттық-құтқару жұмыстарын қауіпсіз ұйымдастыру және жүргізу;
- құтқарушыларды адамдарды құтқару жұмыстарын орындауға арналған нұсқаулықтармен қамтамасыз ету және оқыту;
- шикізатты өңдеуге арналған технологияны қолданған кезде ықтимал қалдықтардың құрамын және мөлшерін болжау бойынша технологиялық есептеулер жүргізу.

Білуі және түсінуі тиіс:

- қауіпсіздікті инженерлік-техникалық қамтамасыз ету жүйелерінің схемалары мен мазмұнын;
- ғылыми зерттеулердің әдіснамалық негіздерін, ғылыми қызметті ұйымдастырудың қағидалары мен құрылымдарын;
- техникалық дамудың перспективалары мен мекеменің, ұйымның, кәсіпорынның қызметінің ерекшеліктерін;
- Қазақстан Республикасының Конституциясы және аграрлық секторға қатысты заңнама бойынша негізгі ережелер мен нормативтік талаптарды;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы негізгі мәселелерді, оларды талдау және шешу үшін заманауи ғылыми құралдардың мүмкіндіктерін;
- ғылыми зерттеулерді жүргізу әдістері мен құралдарын;
- қазіргі заманғы техникалық құралдарды, есептеу техникасын, коммуникация құралдарын, ақпараттық технологияларды дамытудың перспективалары мен үрдістерін;
- техникалық құжаттаманы дайындау ережелері, әдістері мен құралдарын;

- экономика, еңбекті ұйымдастыру, өндірісті ұйымдастыру және ғылыми зерттеулердің негіздерін.

Құзыретті болуы тиіс:

- ғылыми зерттеулер әдіснамасы саласында;
- жоғары оқу орындарындағы ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметте;
- қазіргі заманғы білім беру технологиялары, кәсіби саладағы ғылыми жобалар мен зерттеулерді орындау мәселелерінде;
- білімді үнемі жаңартудың, кәсіби дағдылар мен қабілеттерді кеңейтудің тәсілдерін меңгеруде;
- зерттелетін мәселелерді шешу үшін математикалық аппаратты қолдануда;
- ғылыми зерттеулерді орындау және материалдарды өңдеу кезінде есептеу техникасы мен бағдарламалық құралдарды пайдалануда.